

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 1811-1823

№ 3 (2019)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВОО постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ 17026-Ж

выдано

Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Тематическая направленностьпубликация материалов в области истории,
правоведения и общественных наук**Подписной индекс – 76132****Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А., *к.ф.н.,**ассоц.проф. (доцент)***Редакция алқасы – Редакционная коллегия**Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*Казиминова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

МАЗМҰНЫ**Абдирасилова Г. Қ.**Аналитикалық тәсіл – сөздердің бірігу,
қосарлану, тіркесуі арқылы жаңа мағына тудыру жолы12**Абдирасилова Г. Қ., Шойбекова Ф. Б.**

Қазақ тіліндегі ине-жіп атауларының семантикасы23

Акошева М. К., Рахимжанов К. Х.

Сөйлеу әрекетін түсіну және интерпретациялау табиғаты туралы33

Ақынова Д. Б.

Код ауысымы және кірме сөздерді дифференциациялау мәселелері41

Аманғазықызы М., Оразбек М. С.

Қазақ прозасындағы қала модельдері49

Асан А. Қ.

Магиялық реализм: терминнің негіздемесі мен даму ерекшеліктері59

Аяпбергенев Б. К.

Семиотикалық үрдіс ретіндегі сөйлеу әрекетінің негізгі қасиеттері64

Абдыхалықова А., Жамышева Х.

Жоғары білім беруде ағылшын тілін оқытудың ақылды технологиялары ...73

Әлбеков Т. К.

Ауызекі әңгімелер – ел тарихының дереккөзі81

Балмагамбетова Ж. Т., Есқараева А. Е.

Метафоралардың аударылым ерекшеліктері

лингвомәдени лакун ретінде90

Досанова А. М., Әбдіқадыр И. Ә.

Репатриант-қазақтар: азаматтық сәйкестілік пен

мемлекеттік тілге қатынас корреляциясы97

Елеуова А. С., Ысқақова Ұ. Қ.

Диалог құрылымындағы тілдесімдік көрсеткіштер107

Есіркепова К. Қ., Қанапина С. Ф., Қадырова Б. М.

Ғаламның тілдік бейнесіндегі фразеологизмдердің көрінісі115

Жанбуршина К. У., Жусупова Р. Ф., Бабаева Ю. В.

Құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру барысында

студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру123

Жүсіп Қ. П., Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.

Мәшһүр Жүсіп және шығыс әдебиеті132

Қадыров Ж. Т., Тағудретова Б. Б., Синбаева Г. К.

Қожаберген жырау шығармаларында құбылту түрлерінің

берілу жолдары141

Қанапина С. Ф., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.

Дәстүрлі көркемдік элементтердің ұлттық танымдық белгісі152

Қанапина С. Ф., Есіркепова К. Қ., Қадырова Б. М.

Ғаламдық тілдік бейненің қазақ мақал-мәтелдеріндегі көрінісі160

С. Ф. Қанапина¹, К. Қ. Есіркепова², Б. М. Қадырова³

¹ф.ғ.к., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ., 110000, Қазақстан Республикасы;

³ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹kanarina.71@mail.ru; ²kenzhe.1810@mail.ru

**ҒАЛАМДЫҚ ТІЛДІК БЕЙНЕНІҢ ҚАЗАҚ
МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

Мақалада қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі, ұлттық танымдық құрылымдар негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдер ғаламдық тілдік бейнесінде этнос болмысының, мәдениетінің рухани дүниетанымының көріністерін беретіндігі және тіл қазынасында сақталатындығы қарастырылған.

Кілтті сөздер: ғаламдық бейне, мақал-мәтел, концепт, тіл мен этнос.

КІРІСПЕ

Жалпы, «ғаламдық бейне» адамның өзі тәрізді өте көнеден келе жатқан түсінік екендігі белгілі. Яғни, адам баласының дүние, ғалам туралы түсініктерді құрастыра бастауы, ғалам бейнесін жасауы уақыт жағынан антропогенездік процеспен сәйкес келеді. Түркі әлемінде ол Күлтегін ескерткіштерінде–ақ берілген. Ал термин ретінде «ғаламдық бейне» ғылымға XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде ене бастады. Орыс ғалымы В. С. Швыревтың мына тұжырымын көрсетуге болады: «Под научной картиной мира понимают систему наиболее общих представлений о мире, вырабатываемых в науке и выражаемых с помощью фундаментальных понятий и принципов этой науки из которых дедуктивно выводятся основные положения данной науки. С картиной мира связывают исходные предпосылки рассмотрения мира, содержательно-онтологические построения научного знания, глубинные структуры, лежащие в основании научно-познавательной деятельности» [1, 38 б.]. Бұл анықтама авторының ғаламдық бейненің мәнін адамның ғылыми танымдық қызметінің негізінде жатқан терең де күрделі құрылымдармен байланыстыруын өте орынды деп білеміз.

Ал лингвистикада бұл проблемамен айналысудың қажеттігі ғаламның ежелгі құрылымдық бейнесін қалпына келтіру, мәтін семантикасын реконструкциялау, семантика мәселелерін шешуде өзінен-өзі келіп туындайды. Ғылымда, ғалам моделін дүниежүзінің халықтарына ортақ, универсал қасиетке ие семантикалық қарама-қарсылықтар тобы арқылы бейнелеуге болады деген пікір қалыптасқан. Мысалы, орыс тіл біліміндегі этнолингвист-ғалымдар В. В. Иванов және В. Н. Топоров ежелгі дәуірдегі славяндардың ғалам туралы түсінігін, ғаламдық моделін мынандай семантикалық оппозициялар арқылы көрсетеді: белый – черный, бессмертие – смерть, близкий – далёкий, весна (лето) – зима, день – ночь, жизнь – смерть, свой – чужой, мужской – женский, счастье – несчастье, человеческий – звериный, чистый – нечистый и т.д. [2, 6 б.]. Келтірілген мысалдарға зейін қойып қарасақ, мұнда уақыт пен кеңістік аралығында өмір сүретін дүниенің әр түрлі бөлшектері берілген. Авторлардың анықтаған осы өлшемдері ғаламдық бейнені әр қырынан анықтап, дүниедегі болып жатқан барлық құбылыстарды адам баласының таным көзімен бағалауға мүмкіндік береді. Жалпыға ортақ ғаламдық бейне жеке адамдардың бір-бірімен түсінісуіне, пікір алмасуына, қауым болып өмір сүруіне жағдай жасайды. Әрбір жеке адамның ойы таным-дәрежесіне сай ғаламдық бейнесі де әр түрлі болады. Бірақ соған қарамастан жеке адамдар бір-бірімен тіл арқылы табысып, ортақ шындыққа көз жеткізіп жатады. Себебі жеке адамдардың дүниетанымы жоғарыда айтылып кеткен жалпыға ортақ ғаламдық бейне негізінде қалыптасады. Бұл қатынастар ғаламның тілдік бейнесі арқылы жүзеге асады. Тіл мен ойлау және тілдік қатынас туралы ғалым Ф. Ш. Оразбаева: «Тіл – табиғатпен тығыз байланыста жаратылған ерекше құбылыс. Ол өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтары тұрғысынан табиғат пен қоғамның қалыптасуына, дамуына әсер етеді. Тілдің өзіне ғана тән әлеуметтік, қоғамдық сипаты бола тұра, ол жалпы табиғи процестерден, табиғат пен қоғамнан тыс қарастырылмайды, қайта сол жалпы заңдылықтармен тығыз бірлікте қарастырылады. Тілдің қатысымдық қасиеті – оның барлық ерекшеліктерінің ішіндегі ең маңыздысы және ең бастысы. Сондықтан лингвистер тілдің мәнін айқындауда оның әр түрлі жақтарын сөз ете келіп, соның ең қажеттісін жіктеп шығаруға тырысады. Тілді анықтау, оның негізгі белгілерін көрсету, кейде шартты ұғымдар арқылы іске аспайды. Оның оймен, санамен байланысты қарастырылуының өзі тілдің ерекшелігін аңғартады» [3, 99–101 б.].

Тіл өзін – өзі тудырушы, ұйымдастырушы, реттеуші, дамытушы қабілетке ие. Тілдің бұл сипаты кездейсоқтыққа жол бермейді. Адам санасында туындайтын тіл сана арқылы жасампаздыққа ие бола тұрып сананы құруға қатысады. Бұлар бір – бірінсіз мүмкін емес.

Когнитивтік семантикада мағынаның онтологиялық, концептуалды, контекстуалды, коммуникативті негіздері тоғыса қарастырылады. Мағына

– шындықты құрушы, оның көрінісі және тасымалдаушысы. Сөздің өзінің тәуелсіз мағынасы мен оның әрбір жеке қолданысының әр түрлі контекстегі қайта жасалуындағы мән өзгерісінің түсіндірілуі, концептуалды білім құрудағы сананың болмысына, қабылдау деңгейі мен дүниені түсіну тәсілдерінің артында жасырын тұрған түрлі факторларға, өзі қатысты этникалық мәдени дәстүр мен әлеуметтік жағдайға тікелей қатысты болады.

Шындықтың концептуалдану тәсілдері мейлінше күрделі лингвистикалық әрекеттер деңгейінде орындалады. Мұнда объективті сыртқы дүние бейнесінің танымдық тұрғыдан когнитивтік игерілуі ғана емес, адам санасының креативтік қызметінің негізінде пайда болған екінші шындық – идеалды мазмұнды мағына қорының когнитивтік өңделуі, қолданылуы ескерілуі қажет.

Зерттеу нысанасы тіл мен мәдениет болып табылатын салалардың қатарына «лингвоәлеттану», «лингвоәлеттаным», «лингвомәдениеттану», «этнолингвистика» жататыны мәлім.

Е. Жанпейісов М. О. Әуезовтың 20 томдық шығармаларының толық жинағы негізінде қазақ тілінің этномәдениеттік лексикасына тарихи-семантикалық және этимологиялық талдау жасаған. Сонымен қатар, қазақ тілінің этномәдени лексикасының негізгі семантикалық топтарын көрсетіп, оларды фонемалық, морфемалық, лексикалық деңгейде жан-жақты ғылыми тұрғыда қарастырған [4, 266 б.]. Р. Иманалиева өз еңбегінде қазақ тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерінің этнолингвистикалық кеңістікте орналасуын мифологиялық, этнопсихологиялық тұрғыдан түсіндірсе [5, 189 б.], Ә. С. Айқұлова зерттеу жұмысында қазақ әдеби прозасындағы символдар мен этнотұрмыстық белгілердің орыс тіліне аударылуын арқау етеді [6, 130 б.]. Ғалым Ж. А. Манкеева өз зерттеуінде қазақ ұлтының рухани өрісімен сабақтас қалыптасқан, материалдық өндірістік деңгейін белгілейтін, кумулятивтік қызмет арқылы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып беріліп келе жатқан заттық мәдениетке қатысты сөз қазынасын ұлттық болмысқа, мазмұнға қатысты анықтауды мақсат еткен [7, 282 б.]. Ғалым Г. Ж. Снасапова өз зерттеуінде шығармадағы әрбір лингвомәдени бірлікті дүниенің тілдік бейнесін айқындаушы лингвомәдени көрсеткіш ретінде қарастырады [8, 54 б.]. Ал ғалым Ш. М. Елемесова [9, 54 б.]. көркем мәтіннің тілдік ерекшеліктерін лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық талдауларын психоллингвистикалық негізбен байланысты қарастырған [9, 31 б.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мағынаның концептуалды теориясына сай сөз мағынасы оның ұғымы да болып табылады. Мағына – шындықты құрушы, оның көрінісі және тасымалдаушысы. Сөздің өзінің тәуелсіз мағынасы мен оның әрбір жеке

қолданысының әр түрлі контекстегі қайта жасалуындағы мән өзгерісінің түсіндірілуі, концептуалды білім құрудағы сананың болмысына, қабылдау деңгейі мен дүниені түсіну тәсілдерінің артында жасырын тұрған түрлі факторларға, өзі қатысты этникалық мәдени дәстүр мен әлеуметтік жағдайға тікелей қатысты болады. Этнолингвистиканың, елтанудың, лингвомәдениеттанудың пән ретіндегі ортақ мақсаттары мен міндеттеріне – ұлт тілі мен мәдениетін оның ақыл-ойын байланыстыра отырып, зерттеу жатады.

Сондықтан «Тіл мен этнос», «Тіл мен мәдениет» сабақтастығы, олардың өзара байланысы тұрғысынан қарастырылғаны дұрыс. Осы жағдайда ғана дүниенің тілдік бейнесі неғұрлым толық түседі деп ойлаймыз.

«Тіл мен этнос» мәселесі қазақ тіл білімінде жаңа қырынан ғалым Ә. Қайдардан бастау алып, мақал-мәтелдер ұлттық мәдениет, ұлттық таным тұрғысынан зерделенді. «Ұлттық танымдық құрылымдар негізінде қалыптасқан мақал-мәтелдер этнос болмысының, мәдениетінің рухани дүниетанымының көріністері. Ал «этнос» ұғымы «ұлт» ұғымына қарағанда тереңірек уақытты қамтиды. Атап айтқанда, ол сатылап даму барысында **аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық** та дәуірлерді басынан кешірген адамдар қауымдастығын танытады. Олай болса, этностың басынан кешірген жоғарыда көрсетілген барлық кезеңінен толық мағлұмат тек оның тіл қазынасында ғана сақталады» [10].

Ұлтқа ғана тән мәдени концептілер туралы В. Н. Телия: «Это в самом общем виде интерпретация денотативного или образно-мотивированного, квазиденотативного аспектов значения в категориях культуры» деуі осының айғағы [11, 288 б.].

Осыған байланысты «тіл әлемі» – этностың өзін танып білудің қайнар көзі. Осы кезеңге тән ғаламды танудың, ойлау жүйесінің түрі ұлттық танымның мазмұндық межесі деп бағаласақ, оны бейнелеудің, тілде сақтаудың және қолданудың тұрпаттық межесі (план выражения) – тілдегі мақал-мәтелдер. Ғалым Ислам Айбарша: «Дүниенің тілдік суреті дегенімізді біз тілде көрініс тапқан жалпы ұлт өкілдеріне ортақ ұжымдық ұлттық мәдени тәжірибе негізінде жиналған білім жүйесі. Дүниенің тілдік суреті феномені тіл мен ойлаудың өзара қатынасын танымдық (когнитивтік) ғылымы шеңберінде қарастыру қажеттігін туындатады» – деген тұжырым жасайды [12, 13 б.].

Тіл білімінде пікірталас туындатқан «концепт» термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындайды. «Концептің» «ұғымнан» басты айырмашылығы соңғысында энциклопедиялық ақпарат беріледі, яғни «концепт» «ұғымнан» кең мағынаға ие. «Ұғым» ғылыми білімнің нәтижесін білдірсе, «концепт» сөздіктегі мағынамен қатар,

«алғашқы формасы (этимологиясы), басты тарихи белгілерін ғана қалдырып өте ықшам формасын, қазіргі заман ассоциациясын, бағалау модусын» жинақтаған көпқабатты құрылым. Демек, концепт ұғымдық ақпараттан басқа психологиялық, этимологиялық, прагматикалық, мәдени ақпараттарды да білдіреді.

Лингвомәдениеттануда «концепт» жалпы белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп танылады. Концептің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Сонымен, концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым.

Мәдени концептілердің ұлттық үлгілеріне тән ортақ және ерекше белгілерін айқындау үшін олардың тілдік көрінісін, қандай да болмасын ұғымды білдіретін сөздің этимологиясы, синонимиясы мен антонимиясы, тіркесу, контекстік қолдануы, семантикалық аялары, образды ассоциациясы, модустік бағалануы, фразеология және тілдік шаблондар құрамында берілуі – бұның барлығы әрбір ұғымды білдіретін басты концептілердің өзіндік «тілін», оларды қайта өңдеуге (реконструкция жасауға), адам санасындағы алатын орнын айқындауға мүмкіндік береді. Міне, осындай сараптама, өмірлік мәні бар дүниетанымдық концептілердің шынайы мәнін ашады.

Мақал-мәтелде кездесетін әр концептің ерекшелігіне тоқталайық. Барлық адамзат, соның ішінде қазақ дүниетанымның «қазығы» боларлық «тағдыр», «уақыт», «бақ», «өмір», «өлім» концептілеріне, сонымен бірге оларды жете танып түсінудегі қазақтың ұлттық дүниетаным ерекшеліктері қарастырылады.

«Тағдыр» концептісі қандай да болмасын халықтың мәдени мәні бар концептілердің бірі, әрі қазақ дүниетанымында да басты орын алады. Ол өзінің абстракциялы сипаттамасы бойынша өте күрделі. Жалпы, бұл концептіні теологтар мен философтар белгілі бір дәрежеде зерттеген. Біз өз тарапымыздан осы концепті түсінудегі қазақтардың дүниетанымдық түсінігінің дүниенің тілдік суретіндегі мақал-мәтелдегі ұлттық танымдық көрінісі сөз етіледі.

Ислам бойынша «тағдыр» Алланың жазмышы, яғни алдын ала белгілеп қоюы, оған мұсылман адам күнделікті санада ешбір қарсылықсыз, шыдамдылықпен көнеді. Адамның шыдамдылық, сабыр еткені, қанағат тұтып шүкіршілік еткені үшін Құдірет сый көрсетеді деген ұғым орын алады. Бәлкім осындай түсінік негізінде құдайға сенуші жалғаннан – өмірден түнілмей, оның сәтті де, бақытты кезеңдерін күтіп, «тағдырдың» келеңсіздіктерін

шыдамдылықпен, мойымай басынан өткізеді. Түркі халықтарында, соның ішінде қазақтарда осы концептіні түсінуде тағдырға көнумен қатар, оның алдында дәрменсіздігі жазушы Ғ. Мұстафиннің шығармасында мынадай мақал-мәтелдерде көрініс тапқан: «Жақсы келдің, Мейрамжан, бір жасадым. Әкең марқұмның еті тірі жігіт еді. Кәсіп іздеп олай-бұлай өткенде соқпай кетпейтін. «Әкең өлсе өлсін, әкеңді көрген өлмесін». Біздей шалдың тірі отырғаны да сенің бағың. Сұрап, біліп қал.

Талай жасқа келдіңіз, талайды көрдіңіз. Енді не көргіңіз келеді?

Соның бәрі бір күндей болған жоқ. Таусылмас үмітті тауысатын бір ғана нәрсе бар екен. Балам өлді, белім сынғандай шойырлылып жаттым. Бірақ, баладан үміт кесілмеді. Әйелім өлді. Үйдің иесіз қалғаны – дүние иесіз қалғандай көрінді. Бірақ, әйелден үміт кесілмеді. Жан мұрын ұшына келе ұш рет ауырдым. Тіршіліктен үміт кесілмеді. Қабырғамды қайыстыра қайғы шіркін басқанда, үміт ылғи демей берді. Сол мойымас үмітті кәрілік құртты. «Жасарам» деп селт етпейді көңіл. Тереңге шым батып барам. Қайта шығар дәрмен бар ма! Дәрменсізден жаман бар ма!

Мейрам блакнотын алып жазып қойды:

«Тағдыр менің қолымда болса – осындай жақсы шалдарды жиырма беске қайта келтіріп, жиырма бестегі кейбір берекесіз жігіттерді сексен беске бір-ақ көтерер едім» («Қарағанды» 330–331 бб.).

Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ащысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім» концептілері арасында белгілі бір байланыс бар екендігі сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

«Өмір» мен «өлім» концептілерінің жалпыхалықтық мақал-мәтелдердегі: көрінісі мынадай: «Туғанға жыламаймын, өлгенге жылаймын»; «Ажал ажарыңа да қарамайды, базарыңа да қарамайды»; «Біреудің ажалы оттан, біреудің ажалы судан»; «Дүниенің қадірін берерде білерсің, жанның қадірін өлерде білерсің»; «Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ»; «Өткен қайтып оралмас, өлген қайтып келмес»; «Өзгеге өлім тілегенше, өзіңе өмір тіле»; «Өмір озады, ажал тозады»; «Өзен ағысын бөлеуге болады, өмір ағысын бөгеуге болмайды»; «Өлім байдың малын шашады, жоқтың артын ашады»; «Өлімсіз дүние болмайды, өткелсіз кешу болмайды» т.б. Жазушы С. Мұқановта да «өлім» концептісі осындай сипатқа ие:

Бүркітбайдың елінен келген ағасы Серікбай: «**Өлген артынан өлмек жоқ**». Тірі кісіге тіршілік керек. Бұл қыс аяғы шұбалаңқылау. Ауылдағы қарақұраның азығы да таусылуға жақын шығар. Біз енді, аманшылық болса елге қайтамыз, сен қайтесің, шырағым?– деді Ботагөзге. («Ботагөз» 351 б.).

«Тағдыр» концептісі қоғамдық және әлеуметтік қатынастардың даму дәрежесіне қарамастан, өзінің түп негізінде философиялық танымдық концепт болып қала береді. Өйткені оның философиялық танымдық тамырын дұрыс түсінбеген күнде де ол басқа дүниетанымдық концептілердің, жалпы шындық болмыстың ұйтқысы болмас еді. Бұл концепт ешбір өзгеріске ұшырамай, өзінің абсолюттілігі мен тәуелсіздігін сақтай отырып, прагматикалық және басқа да құбылыстардан жоғары тұрады, осы айтылғанға мына мысал дәлел:

«Мен он үштен он төртке қарағанда, шешем қайтыс болды. Оның қырқын беріп жатқанда, көкемнің жанына балаған жалғыз құласы жамандатып өлді. Көкем көпке дейін үйден шықпай отырып қалды. Бір күні даладан кірсем, домбыраға қосып, баяулатып, жаңағы әнді айтып отыр екен. Көкейіме құйылып кетті. Егер біреу айт десе, дәл сол арада айтып жіберуге дайын тұрмын. Осы әнді естіп, көкемнің жақсы көретін құрбысы Дәурен ара қонып келді. Көксандық дейтін өзі мініп жүрген жақсы атын жетелей келіпті. Екеуінің әңгімесінен есімде қалған көп нәрселер әлі сақтаулы. Дәурен шешен, тақпақтап сөйлейтін кісі екен. Белбеуін шешіне отырып айтты мына сөзді: **«Ат – ердің қанаты деуші еді, қанатың сыныпты. Әйел – үйдің тұлғасы» деуші еді тұлғаң жығылыпты. «Жатырмын жүгім ауып терең сайда» деген дауысыңды естіп, шыдай алмадым. Көксандыққа еріңді сал. Ел ішіне көзіңді сал. Жетімсіретпе балаларды. «Балаға ана керек. Анасындай әйел әкел!».**

Көкем Көксандыққа мінген соң, ел аралап жүріп, бізге ана тауып әкеп берді» («Дауылдан кейін» 100 б.).

Славян халықтары дүниетанымында «судьба» – құдіреттің өмірді басқарып, бағыттап отырар күші. Орыс тіліндегі бұл сөздің этимологиясы да осыны айғақтағандай: түбірі – «суд» – «Божий суд» (құдайдың әмірі) – «чему быть, тому не миновать»; «не судьба». Бұл концептің семантикалық аясында тағдырды Құдайдың жазмышы хақында түсінетінін көрсететін «доля», «участь», «суждение» лексемалары бар.

Сараптама нысаны болып отырған «тағдыр» концептісінің түркілік лексикалық формасына келетін болсақ, ол тіліміздегі «талай» сөзімен беріледі.

Келесі басты концепт – «бақтың» түркілік формасын ежелгі түркі жазбаларында «құт» – жаратушының берер бақыты ретінде танылған формасы деп білеміз.

Ж. П. Рудың пайымдауынша ежелгі түрік заманында «Құт» сөзі «жан» мағынасында қолданылған. Қазақ тіліндегі «Құты қашты», «қатты қорықты» сөз тіркесі бұл пікірді қуаттағандай. Бертін келе семантикалық өзгеріске ұшырап, біртіндеп малға трансформацияланғанға ұқсайды: «құт» малдың төлділігімен ассоциация түзеп, малдың қорғаныш мағынасына ие болады.

Бұл қазақ ою-өрнегінде қошқар мүйіз формасында көрініс тапқан. Қазіргі қазақ тілінде бұл лексика семантикалық өзгеріске ұшырағанын байқаймыз: «құт» «байлық, береке» мағынасында қолданылады. Мысалы, *«Құтты қонақ келсе, қой егіз табар» («Көз көрген» 93 б.).*

«Қонғаниша қонақ ұялады, қонғасын үй иесі ұялады» дейді. Қолөнерімен ғана күн көріп отырған адамбыз! Күнде келетін жігіт емессің. Бабың болмады, қонағым! Біқыласыма ғана риза болмасаң.

Айта көрмеңіз! Дәм таттым, сынайтын кісі мен емес, тауықты да бекер сойғансың, ағай!

Тауықтың етін Айбаланың пісіруі, тоқтының етіне тұрарлықтай екен. Табақ алдына келгенде Асқар көзін салса, майын шылқылдатып қаймаққа қуырыпты. Табаққа қуырдақты төккеннен кейін, әр жерінен аршыған он шақты жұмыртқа қойыпты. Табақтың шетіне бір-бір ағаш қасық салыпты» («Ботагөз» 18 б.).

Қазақ тілі мен мәдениетінің иесі екеуі де тұрлаусыз болғанымен «Бақыттан» гөрі «Бақ» концептісіне көп мағына берген: «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған **бақ та, бақыт** та қонбайды» (Баласағұн). Әйтсе де, екіншісі біріншісіне қарағанда ұзағырақ та, баяндырақ.

Ұлттық дүниетанымда бармақтай ғана «бақ» адамның өмір бойы бақытты болуына жеткілікті: «Бармақтай бақ берсін» деген бата тілек осыны көрсетеді.

«Бақ» жаратушының адамның белгілі бір іс-әрекетіне қарай немесе жайдан-жай беріле салынады деген түсінік бар. *Адам жаратушыға жалынып бақ сұрайтыны да содан: «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер», «Бақ қонған жеріне қонады, мал біткен жеріне бітеді» («Көз көрген» 200 б.).*

«Бақыт-қолға қонған құс, Байлық-қолға ұстаған мұз» деген мақалда адам басына келіп-кетіп тұратын бақыт пен байлықтың тұрақсыз, аумалы-төкпелі құбылыс екенін, яғни бақыт кей адамдардың қолына анда-санда бір қонатын, сондай-ақ ұшып кететін құс тәрізді тұрақсыздығын, байлық болса, ол да бірде бар, бірде жоқ, жылы қолда еріп кете беретін мұз сияқты, тұрақсыз нәрсе екендігін аңғартады. Ауыспалы мағынада, адамның басына қонған бақыт пен байлық-тұрақсыз құбылыстар, ұстай білмесең, күте білмесең-құс сияқты ұшып кететін, мұз сияқты еріп кететін құбылыс. Күте білген, бағалай білген адамның басында тұрақтап, баянды болуын аңғартады.

«Бақ» пен «бақыт» концептісіне қатысты жалпыхалықтық мақал-мәтелдер: *«Басына бақ қонатын жігіттің, ұлы етті, қызы көрікті болады»; «Дарияны теріс ағызған ақылдан, бармақтай бақ ілгері»; «Жақсы әйел, жігітке біткен бақ, жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ»; «Батыр ортақ, бақ жалқы»; «Бақ келді деп таспа, жау келді деп саспа»; «Бассыз*

берген мал мазаң, бақсыз берген тіл мазаң»; «Өзің жеңіп алмасаң, бақыт келмес әрқашан» т.б.

Әсіресе «бақ» көбінесе қыз балаға, әйел адамға бағышталатынын байқауға болады. Оның прагматикалық интенциясы әйел бағының тұрмыс құруымен, бала сүюімен айқындалады. «Бала-артта қалған із, Бақыт-ұзатылған қыз» деген мақал әрбір адамның бағып-қағып, өсіріп, адам қатарына қосқан баласы, оның артында қалдырған ізі, өмірінің жалғасы. Баланың бірі бой жетіп, ұзатылған қызы сол өмірінің бір бақытты сәті, қуанышы. Өйткені, «Ұл туса-ұланың, Қыз туса-өрісін» дегендей, дүниеге келген ұлы мен қызын бірі-өмір жалғасы болса, бірі-өрісінді кеңейткен қуаныштың дегенді білдіріп тұр. «Баланың өзі-өзі, әдебі одан да-әзіз» деген мақал бала туған туыстары, ата-анасы үшін қымбат та сүйікті жан, отбасының қуанышы. Егер ол бала әрі тәлімді-тәрбиелі, қылықты да әдепті болса, одан да сүйкімді, қадірлі болатынын меңзейді. Той жоралғыларында үлкен жастағылардың жас жұбайларды маңдайынан сүйіп, бақ тілеуі бақ маңдайда жазылады деген түсінікпен ұштасып жатыр: «маңдайы ашылу», «маңдайының ырысы бес елі», «маңдайына біткен» – бақытты болу, «маңдайына сыймау» – бақытсыздыққа ұшырау дегенді білдіреді.

Мұндай түсінік көптеген халықтардың дүниетанымына тән. Халық арасындағы маңдайға түсіп тұрған кекілдің әйелдің көп ұзамай жесір болатынының белгісі деген таным түсінігінің айғағы. Бұл тұста жалпы шаштың өзіндік символикалық мәдени танымдық мәні де бар екенін көреміз. Түркі халықтарында шаш өмірлік мәнге ие символдардың бірі ретінде қарастырылады. Алтайлықтар, жалпы түркі халықтары шөпті жердің шашы деп түсініп, оны тамырымен жұлмаған. Ол өсу, даму, ұрпақ жалғастығының символдық белгісі болған.

Парсы тілінен енген пешене (парсы: «пишани») сөзі 1. маңдай; 2. Тағдыр дегенді білдіреді. Қазақ тіліндегі «пешенесіне/ маңдайына жазылған» сөз тіркесі бағы бар немесе тағдыры жөнінде айтылады. Халықтық танымда маңдай «бақ» қонар жер болуға тиіс, сондықтан да оны жабуға болмайды деген түсінік болғанға ұқсайды: «маңдайының ырысы бес елі». Қарама-қарсы мағынадағы сор (парсы: «шур») 1. тұзды; 2. бақытсыздық та маңдайда орналасады деп түсінген: «маңдайының соры бес елі», «сор маңдай» – бақытсыз дегенді білдіреді.

«Бақ-дәулет» сөз тіркесі бақты байлықта, дәулетте деген түсініктің орын алатынын көрсетеді. Әйтсе де, «бақ» концептісінің ішкі коннотациясында материалдық байлық, екінші қосалқы мәнге ие: «Ішпей-жемей, киместен кетеді өліп, кей жаман мал бітсе де бақ қонбаған» (Шал ақын).

«Бақ» концептісінің семантикалық аясында жоғарыда көрсетілген «Бақ – бақыт (бақ-дәулеттен)» басқа «нәсіп-сыбаға» (насибун) нәсіп: 1. Сыбаға, үлес,

бөлік; 2. тағдыр лексемаларын айқындауға болады. «Нәсіп» те жаратушының берген сыйы ретінде қабылданады. Оны түсінудегі бір ерекшелік адамның оң іс-әрекетімен байланысты, соған орай түрлі тыйымдар пайда болған. Қазақ мәдениетінде құдайы қонақтың ішкі мәдени коннотациясы осы «нәсіппен» ұштасып жатыр: «Қонақ – атаңнан да үлкен», «Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал», «Қонақтың алдына ас қой, екі қолын бос қой» деген мақалдар дәлел.

Егер киіз үй құрылымын – көшпенділердің дүниетанымы жүйесі ретінде қарастыратын болсақ, **төр** мен **босаға** маңызды бинарлық қарама-қайшылықтағы біртұтастықты білдіреді: «Жаман әйел жақсы еркектің төрдегі басын есікке сүйрейді, жақсы әйел жаман еркектің есіктегі басын төрге сүйрейді». Осы мақал «**төр**» символымен ұштасып жатыр.

Қазақ социумында төрге байланысты белгілі бір этикеттік нормалар қалыптасқан. Оның еуропалық мәдениетке қарағанда ерекше екендігі де белгілі. Төрдің сакралдылығын қазіргі заман мәдениет иелері әлі сақтайды деуге болады.

Жалпы, «**төр**» мен «**босағаны**» қарама-қайшылықта қарастыру жоғары-төмен моделі бойынша динамикалық дамуды – жас мөлшеріне байланысты өмір жолы. Балалар төменде, ал үлкендер жоғарыда – төрде орналасу моделін көрсетеді. **Төр** – құрмет символы мен **көр** – адамның соңғы барар жерімен қарама-қайшылық белгілері негізінде, яғни, «**өмір**» мен «**өлім**» макрофреймін құрағандай: «Тәрбие туған күннен басталып, **көрге** кіргенде гана бітеді», «Бір аяғы жерде, бір аяғы **көрте**», «Адам үш күннен кейін **көрге** де үйренеді». Жалпы «**есік**» пен «**босаға**» сыртқы әлемнен қорғаныш, ішкі берекелік пен тыныштықты сақтауыш ретінде танылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ ұлтының мәдени өмірінің көрінісі – мақал-мәтелдерден ерекше байқалады. Өйткені, қазақ мақал-мәтелдері – халық өмірінің айнасы. Бұл айнада ұлт менталитетінің көрінісі тұтастай қамтылады. Сондықтан да мақал-мәтелдерде астарлы ой, символдық мағына, көркемдік таным үлгілері басым. Лингвомәдени бірліктерді ұлт менталитетін айқындайтын, ұлт дүниесінің тілдік бейнесін жасаушы мақал-мәтелдерді қарастыра отырып, Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов прозасындағы дүниенің тілдік бейнесін айғақтаушы лингвомәдени бірліктер тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық таным, өркениет уәждерінің өзара байланысы арқылы танылғанын байқауға болады.

Мақал-мәтелдер дүниенің тілдік бейнесін беруде өзіндік ерекшеліктері бар екені байқалды. Дүниенің тілдік бейнесінде образдылық айнала қоршаған болмыс жайлы шындықты түсіндіруге ықпал жасайды. Сондықтан да дүниені мақал-мәтел көмегімен танып-білудің маңызы зор. Өйткені дүниенің

тілдік бейнесі ұлт өкілдерінің ғасырдан-ғасырға жинаған тәжірибелері мен өмірге көзқарастарынан тұрады. Ал мақал-мәтелдерде халық даналығы, құндылықтар жүйесі, қоғамдық мораль, ұлттың дүниеге, адамдарға және басқа ұлттарға деген қарым-қатынасы тәрізді маңызды ақпараттар жинақталған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Швырев, В. С.** Научное познание как деятельность. – Москва, Наука, 1984, – 238 с.
- 2 **Иванов, В. В., Топоров, В. Н.** Славянские языковые моделирующие семиотические системы (древний период). – Москва, 1965. – 256 с.
- 3 **Оразбаева, Ф. Ш.** Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. Пед. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1996, – 314 б.
- 4 **Жанпейісов, Е. Н.** Этнокультурная лексика казахского языка. Фил. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1991, – 296 б.
- 5 **Иманалиева, Р.** Этнолингвистические вопросы изучения средств выражения пространственной ориентации в казахском языке. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1989, – 143 б.
- 6 **Айқулова, А. С.** Проблемы перевода казахских символов и этно-бытовых знаков на русский язык. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1999, – 137 б.
- 7 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тілінің заттық мәдени лексикасы. Фил. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1997, – 314 б.
- 8 **Снасапова, Г. Ж. Ғ.** Мүсіреповтың «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003, – 141 б.
- 9 **Елемесова, Ш. М.** Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша). Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003, – 127 б.
- 10 **Қайдар, Ә.** Халық даналығы. – Алматы : Толғанай, 2004. – 560 б.
- 11 **Телия, В. Н.** Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва : Школа языка и русской культуры, 1996. – 288 с.
- 12 **Ислам Айбарша.** Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. дисс. авторефераты. – Алматы, 2004, – 251 б.

Материал 12.08.19 баспаға түсті.

С. Ф. Қанатина¹, К. Қ. Есіркепова², Б. М. Қадырова³

Казахские пословицы и поговорки - это проявление глобальных языковых картин мира

^{1,2}Костанайский государственный педагогический институт,
г. Костанай, Республика Казахстан;

³Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 12.08.19.

S. G. Kanapina¹, K. K. Esirkepova², B. M. Kadyrova³

Kazakh proverbs and sayings in the manifestation of the linguistic picture of the world

^{1,2}Kostanai State Pedagogical University,
Kostanai, 110000, Republic of Kazakhstan;

³S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, Republic of Kazakhstan.

Material received on 12.08.19.

В статье рассматривается культура казахского народа, языковая картина мира в этнической образности пословиц и поговорок, сформированных на основе национальных когнитивных структур. Пословицы и поговорки в лингвистическом контексте обеспечивают проявления духовного мировоззрения этноса, культуры и языковых сокровищ нации.

The article examines the culture of the Kazakh people, the picture of the ethnos in the global image of proverbs and sayings, formed on the basis of national cognitive structures. Proverbs and sayings in a global linguistic context provide manifestations of the spiritual worldview of an ethnos, culture and linguistic treasures.